

**Ресми рецензент Джанбубекова Мейрамгүл Зейнегабуловнаның
8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ахметсапа Айгүл
Есенкелдықызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-
әрекетке даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасы білім берудегі тенденциялар соңғы кезде болып жатқан елеулі өзгерістер және оны жүзеге асыру тәжірибесінің қазіргі біртұтас педагогикалық үдеріске, сондай-ақ мұғалімнің өзіне, оның дайындығына қатысты жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары, Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты және жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған стратегиялық бағыттармен толық сәйкес келеді. Мемлекеттік құжаттарда білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, шығармашылық әлеуеті жоғары, құзыретті педагогтерді даярлау екендігі атап көрсетілген. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы Республикалық педагогтер съезінде педагогикалық білім беру бағдарламаларын заманауи тәсілдер негізінде жаңғырту қажеттілігі туралы сөзі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау – білім беруді дамытудың стратегиялық міндеттерімен үйлесетін маңызды ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан	А.Е. Ахметсапаның диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертанттың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына, әсіресе болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған. Зерттеу мәселесіне байланысты дерек көздерді зерделей келе «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» ұғымдары мен түсініктерінің нақтылануы арқылы елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашыла түседі. Екінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері айқындалуы елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Үшінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Төртінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалып, болашақ мамандарды кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау аясында жүргізілетін зерттеулер арқылы үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары , ғылыми стилі жетік. Зерттеу жұмысының көкейтесті мәселелері тиімді шешімін тапқан. Диссертациялық жұмыстағы

			анықтамалар, ой-пікірлер, негізгі ұғымдарға, ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулары, нәтижелері өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	А.Ахметсапаның диссертациясының өзектілігі толықтай негізделген. Автордың келтірген дәлелдері зерттеу тақырыбының жоғары маңыздылығын көрсетеді. <i>Біріншіден</i>, диссертация тақырыбы қазіргі білім берудің отандық және шетелдік жаңа парадигмалары тұрғысынан қарастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығы қоғам дамуының стратегиялық міндеттерімен сабақтастырылады. Бұл бағытта зерттеу жұмысы Қазақстандағы білім беру реформаларының басымдықтарымен және әлемдік педагогикалық тәжірибелермен үйлесімді жүргізілген. <i>Екіншіден</i>, зерттеу барысында болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ғылыми негізделген моделі мен әдістемесі ұсынылған. Аталған модель мұғалімнің мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операциялық-технологиялық және рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерін дамытуға бағытталған. Мұндай құрылым болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. <i>Үшіншіден</i>, зерттеу нәтижелері оқу процесіне «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» атты арнайы курс бағдарламасын енгізу арқылы тәжірибелік тұрғыдан апробациядан өткізілген. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған әдістемелік құралдар дайындалып, олардың тиімділігі педагогикалық тәжірибе барысында оң нәтиже берген. <i>Төртіншіден</i>, зерттеу жұмысының нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарында білім сапасын жетілдіруге, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының мазмұнын жаңғыртуға және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға нақты үлес қосады. Бұл ғылыми ізденістің өзектілігі

		білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңіндегі қажеттіліктермен толық сәйкес келеді.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Ізденушінің диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Кіріспеде автор зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын және диссертациялық зерттеудің міндеттерін, зерттеу пәнін, теориялық және әдіснамалық негізін ашып көрсеткен. Бірінші тарауда «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымы айқындалып, оның мазмұндық ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ағымды жағдайы сипатталып, туындап отырған мәселелер сараланады. Бұдан бөлек, даярлаудың әдіснамалық тұғырлары қарастырылады. Екінші тарауда болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері анықталады. Білім беру процесінде заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Сонымен бірге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның негізгі құрамдас бөліктері мен жүзеге асыру тетіктері ұсынылады. Үшінші тарауда тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру баяндалып, зерттеу логикасы нақтыланады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибеде жүзеге асыру және оның нәтижелері талданып, ұсынылған модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденеді. Қорытындыда автор диссертациялық зерттеу нәтижелерін жүйелеген.	
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеу тақырыбына толықтай	

		тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	сәйкес келеді. Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдап, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар беру. Ол үшін келесі міндеттер қойылды: 1. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымын нақтылау. 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктерін анықтау. 3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін және оны қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешен әзірлеу. 4. Әзірленген модель мен оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру. Жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеуің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін-бірі толықтырып отырады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыда сабақтастықта берілген. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растап, автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға сыни талдаулар жүргізілген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері; құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделді және дәлелдемелік базасы негізінде тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Бірінші нәтиже - толығымен жаңа. Психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды талдай отырып, «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні нақтыланған. Екінші нәтиженің – толық жаңа. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; 3) мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу сияқты мүмкіндіктері анықталған. Үшінші нәтиже – толығымен жаңа. Зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Төртінші нәтиже – толығымен жаңа. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Диссертацияның екінші, бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу пәні бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері мен білім беру

			технологиялары талданып, ал жұмыстың қорытындылары зерттеу жұмысының үшінші бөлімінде қарастырылған және зерттеу нәтижелерін растайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіпшіармашылық іс-әрекетке даярлау ғылыми-тәжірибелік үдерісінің негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен , ғылыми жарияланымдармен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	А.Е. Ахметсапаның зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық – әдіснамалық ұстанымдармен философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстағы қорғауға ұсынылған қағидаттар дәлелденген . Жұмыс тривиалды емес , бұл нақты нәтижелер көрсетілгенімен дәлелденеді. Төрт міндет бойынша алынған жаңалықтардың қорғауға ұсынылатын қағидаттар арқылы көрініс беруі, қорытынды ұсыныстар жасауға негіз ретіндегі жаңалығының дәлелі. Жұмыстың қолдану деңгейі кең . Өйткені, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау бойынша анықталған теориялық-әдіснамалық негіздерін және алынған нәтижелерін осы зерттеулерге қызығушылығы бар тұлғалар қолдануға болады. А. Ахметсапаның зерттеу жұмысының негізгі идеялары, қағидалары, нәтижелері,

		1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	тұжырымдары мен қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген 13 еңбекте қамтылған. Оның ішінде Scopus базасында енген басылымда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар материалдарының 7 жинағында, 1 оқу құралы, шығармашылық тапсырмалар жинағы жарық көрген. Мақалаларда қағидалар дәлелді пайымдалған және диссертация мазмұнында сілтеме берілген.
	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Ізденушінің диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғалық, креативтілік, интегративтік, мәдениеттанушылық тұғырлар негізге алынған. Ия. Зерттеу жұмысында автор ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау деңгейлерін анықтау үшін студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі А.А. Реан мен В.А. Якуниннің, Н.Ц. Бадмаевтың модификациялары; Е.Е. Туниктің тұлғалық креативтілікті диагностикалау әдістемесі; Студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мәнін, оның жүзеге асыру тетіктерін, білім беру ортасының жабдықталуы туралы білімдерін анықтаудың авторлық сауалнамасы; Студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке әдістемелік даярлық деңгейін анықтауға арналған

			тапсырмалар; Т.Элерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» тесті; А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделімен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерімен жүргізілді. Зерттеу жұмысының «Ж» қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Ия. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға қатысты психологиялық, педагогикалық, философиялық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және алыс - жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Тақырыпқа сай пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті . 212 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінің және пайдаланылған дереккөздердің тізімі берілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия , Диссертацияның теориялық маңызы бар: - «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» ұғымдары мен түсініктерінің

			анықтамалары нақтыланған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерінің анықталған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған. «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы және «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» сынақтан өткізіліп ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия, диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыста ұсынылған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» таңдау курсының бағдарламасы практикалық тәжірибеде сәтті енгізілген, бұл оның қолдану мүмкіндіктерін нақты көрсетеді. Сонымен қатар, әзірленген оқу-әдістемелік кешен тәжірибеден өтіп, тиімділігі дәлелденген, бұл жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлауда және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау жүйесінде қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері практикалық мәні бар, білім беру үдерісінде тікелей қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, мұғалімдер білімін жетілдіретін институттарда пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Ғылыми баяндау стилі толығымен қамтамасыз етілген. Диссертация ғылыми қызығушылық тудырады; нақты материалдарға бай,

		4) төмен.	сауатты жазылған жұмыс болып табылады. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	1. Зерттеудің эксперименттік бөлімінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталып енгізілген элективті курстың тақырыптарын оқытудың қарастырылуы назар аударады. Алайда студенттерді шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың интегративті сипатын күшейтетін пәнаралық байланыстар спектрін көрсететін сабақтардың көбірек мысалдарын қарастыру орынды болар еді; 2. Әдістемелік жүйе негізінде әзірленген «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы мен «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал ретінде енгізілген. Алайда, аталған оқу-әдістемелік құралдарын қолдану тәжірибесімен бөлісетін мұғалімдерге арналған алаңдарды ұйымдастыру (вебинар, конференция, әдістемелік отырыстар) жұмысты болашақта одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныс болып табылады. Бұл ескертпе ұсыныс зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Докторант диссертациялық зерттеу аясында SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 1 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 7 мақала, барлығы 13 мақала жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.	
13	Қорытынды	8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Айгүл Есенкелдықызы Ахметсапаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға болады деп есептеймін.	

Ресми рецензент:

Шәкәрім университеті,
п.ғ.д., профессор м.а.

